

Қазақстан Республикасының есірткі заттар мен психотроптық құралдарға қажеттілігінің нормалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 сәуір N 460

Қазақстан Республикасының "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 маусымдағы Заңының 5-бабының 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Есірткіге бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы ұсынған республиканың 1999 жылға арналған есірткі заттар мен психотроптық құралдарға қажеттілігінің нормаларын Қазақстан

Республикасының 1999 жылға арналған халықаралық квоталарын бекіту үшін БҰҰ-ның Есірткіге бақылау жасау жөніндегі Халықаралық комитетінің Штаб-пәтеріне (Вена, Австрия) жолдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.